

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2026 жылғы 26 мамырдағы № 193 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 28 мамырда № 38806 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз.

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік сақтандыру департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілетін Тізбенің 1-тармағының үшінші төртінші, жиырма үшінші, отыз алтыншы, отыз жетінші, отыз сегізінші, отыз тоғызыншы, қырықыншы, қырық бірінші, қырық екінші, қырық үшінші, қырық төртінші, қырық бесінші, қырық алтыншы, қырық жетінші, жетпіс алтыншы, жетпіс тоғызыншы абзацтарын, 2-тармағының үшінші, төртінші, жетінші, сегізінші, он төртінші, он бесінші, он алтыншы, он жетінші, он сегізінші, он тоғызыншы, жиырымасыншы, жиырма бірінші, жиырма екінші абзацтарын, 3-тармағының үшінші, төртінші, оныншы, он бірінші абзацтарын қоспағанда, 2026 жылғы 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.

"Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің, жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу (айқындау), оларды тағайындау, жүзеге асыру, тоқтата тұру, қайта есептеу, қайта бастау, тоқтату және тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қайта қарау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 22 маусымдағы № 232 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық

актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32890 болып тіркелген) бекітілген Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің, жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу (айқындау), оларды тағайындау, жүзеге асыру, тоқтата тұру, қайта есептеу, қайта бастау, тоқтату және тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қайта қарау қағидаларының 5 және 6-қосымшасылары, " Республикалық бюджет қара жатынан жерлеуге бір жолғы төлемді тағайындау және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 27 маусымдағы № 256 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32925 болып тіркелген) бекітілген Республикалық бюджет қаражатынан жерлеуге арналған біржолғы төлемді тағайындау және жүзеге асыру қағидаларының 2-қосымшасы 2026 жылғы 12 шілдеге дейін осы бұйрықтың 1, 2 және 3-қосымшаларына сәйкес редакцияда қолданылады деп белгіленсін.

*Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі*

А. Ертаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Жасанды интеллект және
цифрлық даму министрлігі

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрі 2026 жылғы
26 мамырдағы № 193
бұйрығымен бекітілген/

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. "Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің, жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу (айқындау), оларды тағайындау, жүзеге асыру, тоқтата тұру, қайта есептеу, қайта бастау, тоқтату және тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қайта қарау қағидалары" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 22 маусымдағы № 232 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32890 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің, жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу (айқындау), оларды тағайындау, жүзеге асыру, тоқтата тұру, қайта есептеу, қайта бастау, тоқтату және тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қайта қарау қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің, жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу (айқындау), оларды тағайындау, жүзеге асыру, тоқтата тұру, қайта есептеу, қайта бастау, тоқтату және тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қайта қарау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің (бұдан әрі – Әлеуметтік кодекс) 199-бабының 2-тармағына, "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің, жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу (айқындау), оларды тағайындау, жүзеге асыру, тоқтата тұру, қайта есептеу, қайта бастау, тоқтату және тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қайта қарау тәртібін айқындайды.";

2-тармақтың 13), 14), 15) және 16) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"13) электрондық іс макеті (бұдан әрі –ЭІМ) – Мемлекеттік корпорацияда Е-макет автоматтандырылған цифрлық жүйеде қалыптастыратын зейнетақы төлемдерін алушының электрондық іс макеті;

14) цифрлық құжаттардың сервисі – операторға бекітілген және цифрлық объектісіндегі мәліметтер негізінде қалыптастырылған құжаттарды электронды түрде көрсетуге және пайдалануға арналған "цифрлық үкіметтің" цифрлық инфрақұрылым объектісі;

15) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі –ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілті мен электрондық цифрлық қолтаңба құралдарын пайдалана отырып жасалған, электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын цифрлық жазба (цифрлық деректер жиынтығы);

16) "цифрлық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, мемлекеттік қызметтер көрсетуге қатысатын мемлекеттік органдар мен өзге де субъектілер орналастыратын шоғырландырылған ақпаратқа, сондай-ақ электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік және өзге де көрсетілетін қызметтерге қол жеткізудің "бірыңғай терезесін" білдіретін цифрлық объект.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Уәкілетті мемлекеттік орган осы Қағидалар бекітілген немесе өзгертілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпаратты жаңартады және оны Бірыңғай байланыс-орталығына, зейнетақы және жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға, Мемлекеттік корпорацияға және "цифрлық үкіметтің" операторына жібереді.";

5-тармақтың бесінші, алтыншы және жетінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"Құжаттарды қабылдайтын маман "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы тиісті цифрлық жүйеге (бұдан әрі – ЦЖ) сұрау салуды қалыптастырады:

"Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқоры ЦЖ-ға – өтініш берушінің жеке басын куәландыратын және тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелгенін растайтын құжаттар бойынша;

"ТӨҰ" ЦЖ-да – жинақтаушы зейнетақы қорларына немесе Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналары жүзеге асырылған орташа айлық табыстың неғұрлым тиімді мөлшерін, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналарының аударылған сомалары мөлшерінің көрсетілген кезең үшін Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына жүргізілген әлеуметтік аударымдар мөлшеріне сәйкестігін белгілеу үшін;

"АХАЖ" ЦЖ-ға (азаматтардың хал актілерін жазу) – баланың (балалардың) туу туралы куәлігі немесе туу туралы актілік жазбадан үзінді көшірме бойынша (Қазақстан Республикасының аумағында 2007 жылғы 13 тамыздан кейін жүргізілген тіркеулер бойынша), неке қию туралы куәлік бойынша (Қазақстан Республикасының аумағында 2008 жылғы 1 маусымнан кейін жүргізілген тіркеулер бойынша), балалардың қайтыс болғаны туралы куәлік бойынша (Қазақстан Республикасының аумағында 2008 жылғы 1 мамырдан кейін жүргізілген тіркеулер бойынша);

"Е-Қорғаншылық" ЦЖ-ға – қорғаншылық (қамқоршылық) белгілеу туралы құжаттар бойынша;

"Жоғарғы сот" ЦЖ-ға – бала (балаларды) асырап алу туралы сот шешімі бойынша сұрау салу бойынша;

Мемлекеттік кірістер комитетінің ЦЖ – адамның дара кәсіпкер ретінде тіркелмегені туралы, сондай-ақ дара кәсіпкердің, жеке практикамен айналысатын адамның, шаруа немесе фермер қожалықтары басшыларының, сондай-ақ нысанасы жұмыстарды орындау (қызметтер көрсету) болып табылатын азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша табыс алатын жеке тұлғалардың табысы туралы деректер бойынша Мемлекеттік кіріс органының анықтамасы бойынша).

Өтініш беруші өтінішті электрондық не қағаз түрінде беріледі, қол қойылады немесе өтініш берушінің ЭЦҚ-мен куәландырылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген ЦЖ-дағы мәліметтер сәйкес келмеген (болмаған) кезде өтініш беруші өтінішке құжаттарды қоса береді.";

9-тармақта:

он алтыншы абзацы алып тасталсын;

он сегізінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мүгедектігі бар баланы тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қорғаншыға (қамқоршыға), бірінші топтағы мүгедекке күтімді жүзеге

асыратын адамға тағайындалатын және төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы алу туралы мәліметтерді мемлекеттік ЦЖ-дан растау кезінде сот шешімін ұсыну талап етілмейді.";

11-тармақтың орыс тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді.

12-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Орталық атқарушы органның ЦЖ тиісті төлемді тағайындау немесе зейнетақы мен жәрдемақыларды тағайындауға өтініш беру фактісін растайтын мәліметтер алынған кезде өтініш берушіге мүлтіксіз осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы қолхат беріледі.";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Өтінішті қабылдаған маман өтініш берушіден тиісті төлемді тағайындау үшін қабылданатын құжаттар топтамасының толықтығын, сондай-ақ цифрлық жүйелерден алынған мәліметтерді тексереді, электронды құжаттардың көшірмелерінің өтініш беруші осы Қағидалардың 4, 6, 7, 8, 9 және 10-тармақтарына сәйкес ұсынған түпнұсқаларына сәйкес келуін қамтамасыз етеді, өзінің ЭЦҚ арқылы куәландырады, кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.";

18-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Өтініш беруші мемлекеттік базалық зейнетақыны тағайындауға портал арқылы жүгінген кезде ұсынылған мәліметтерді растау және осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес мемлекеттік базалық зейнетақыны тағайындауға арналған өтініште көзделген қажетті мәліметтерді алу үшін мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ЦЖ-ға сұрау салу;

Мемлекеттік органдар және (немесе) ұйымдар сұрау салынған мәліметтерді растайтын электрондық құжаттарды ұсынған кезде сұрау салуды портал арқылы жүзеге асырған өтініш беруші электрондық өтінішті өзінің ЭЦҚ-сымен куәландырады және Е-макет автоматтандырылған ЦЖ-ға жібереді.";

22-тармақтың бесінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Бұл ретте өтініш беруші Мемлекеттік корпорация арқылы өтініш бергенде уәкілетті орган қарау мерзімі өткенге дейін бір тәуліктен кешіктірмей қарау нәтижесін "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы Мемлекеттік корпорацияға жібереді.";

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"23. Егер зейнетақы төлемдерін тағайындау (өзгерту, қалпына келтіру) туралы шешім қабылдау үшін ЭІМ-ге осы Қағидалардың 6, 7, 8, 9 және 10-тармақтарында көзделген қосымша құжаттарды қоса тіркеу қажет екені анықталса және (немесе) табыс орталықтандырылған дерекқордың міндетті зейнетақы жарналарының, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдардың, міндетті медициналық сақтандыру қорына аударымдардың және/немесе жарналардың және жеке табыс салығының аударылуы туралы мәліметтерімен расталмаса, уәкілетті орган ЭІМ-ні

қайтарады және осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі арқылы хабарлама жібереді. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі хабарлама түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өтініш берушіні хабарлама немесе ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы арқылы sms-хабарландыру алған күннен бастап жиырма бес жұмыс күні ішінде қосымша құжаттарды ұсыну туралы, оның ішінде ұялы байланыстың абоненттік құрылғысына sms-хабарландыру жіберу арқылы хабардар етеді. Sms-хабарландырулар осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүргізілетін sms-хабарландырулардың электрондық журналында тіркеледі.";

25-тармақтың бесінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Куәлікті алуға үшінші тұлғалар жүгінген жағдайда Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 167-бабына сәйкес берілген сенімхат бойынша беріледі;"

31-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының 2-тармағына сәйкес көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспегенде, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгінуге құқылы.";

40-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"40. Зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган шешімдерінің негізінде Мемлекеттік корпорация бес жұмыс күні ішінде тағайындалған зейнетақылар мен жәрдемақылар сомаларын ай сайын, төлем айының алдындағы айдың 27-күніне Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне (бұдан әрі - Министрлік) ұсынылатын, төлемге бюджет қаражатының қажеттілігіне қосуды қамтамасыз етеді.";

41-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"41. Министрлік тиісті кезеңге төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспары шегінде төлеуге қажетті бюджет қаражаты туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жібереді.";

42-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"42. Министрлік төлемге бюджет қаражатының қажеттілігіне сәйкес Мемлекеттік корпорацияға бюджет қаражатын аударуды төлемдер бойынша қаржыландырудың жеке жоспарында есепті кезеңге көзделген сома шегінде жүзеге асырады.";

49-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"49. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі осы Қағидаларға 26-қосымшаға сәйкес нысан бойынша зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органның шешімі негізінде Кодекстің 204-бабының 1-тармағында көзделген негіздер бойынша қажетті мәліметтер, оның ішінде ЦЖ-дан келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап зейнетақы төлеуді тоқтата тұрады.";

53-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"53. Зейнетақылар мен жәрдемақылардың артық есептелген (төленген) сомаларын қайтару:

алушының өтініші бойынша;

Мемлекеттік корпорация бөлімшесі хатының негізінде жүзеге асырылады.

Бұл ретте Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі төлемдерді республикалық бюджет кірісіне аудару үшін Мемлекеттік корпорацияға қайтарудың негізділігін растайтын қажетті құжатты (ЦЖ алынған алушының қайтыс болғаны не Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге кеткені туралы мәліметтерді және (немесе) зейнетақы және жәрдемақы алушы тұруға кеткен елдегі уәкілетті органнан зейнетақы ісіне немесе жәрдемақы алушының ісіне сұрау салуды) қоса бере отырып, зейнетақы беру жөніндегі уәкілетті ұйымға хат ұсынады;

соттың шешімі бойынша жүзеге асырылады.";

56-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"56. Зейнетақыларды немесе жәрдемақыларды төлеу жүзеге асырылатын зейнетақы істері (қолданыстағы істер) қолданыстағы істер архивінде сақталады.

ӘІМ орталық атқарушы органның ЦЖ-де тұрақты түрде сақталады.";

59-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"59. ЦЖ олардың тағайындалуына сәйкес ЦЖ үзіліссіз жұмыс істеуі мен өзектілігін қамтамасыз етуге бағытталған шаралар жиынтығын қамтамасыз етеді. Орталық атқарушы органның ЦЖ берілетін деректердің толықтығын, дәйектілігін, өзектілігі мен уақтылығын қамтамасыз етеді;"

60-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"60. Уәкілетті орган мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингін ЦЖ-да мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді автоматтандырылған режимде енгізуді қамтамасыз етеді.";

70-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"70. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі орталық атқарушы органның ЦЖ-дан қарттар мен мүгедектігі бар адамдар үшін стационар жағдайларында және толық мемлекеттік қамтамасыз етудегі арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін алушының түсуі (кетуі) туралы ақпаратты алған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде мемлекеттік базалық төлемді тоқтата тұру (қайта бастау) туралы шешімнің жобасын дайындайды айдың бірінші күнінен бастап зейнетақы төлемі, осы Қағидаларға 32 және 13-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша қарттар мен мүгедектігі бар адамдар үшін стационар жағдайларында және мемлекеттің толық қамтамасыз етуінде жүрген арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін алушының келіп түскені (кетуі) туралы ЦЖ-ға ақпарат енгізілгеннен кейінгі айда және оны Мемлекеттік корпорацияның филиалы арқылы уәкілетті органға береді.";

71-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"71. Мемлекеттік корпорация қарттар мен мүгедектігі бар адамдар үшін стационар жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында тұратын және толық мемлекеттік қамтамасыз етудегі адамдарға Кодекстің 202-бабының 3-тармағында белгіленген көлемде жасына байланысты (төлем айына қажеттілік қалыптасқаннан кейін пайда болған сомалар) зейнетақы төлемдерін айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап жүзеге асырады стационар жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында жасына байланысты зейнетақы төлемдерін алушының түсуі (кетуі) туралы ЦЖ-ға ақпарат енгізу.";

72-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"72. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі алушының шығуы туралы орталық атқарушы органның ЦЖ ақпарат енгізілген айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап жасына байланысты зейнетақы төлеуді толық көлемде қайта бастайды.";

көрсетілген Қағидалардың 1-қосымшасы осы тізбеге 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 2-қосымшасы осы тізбеге 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 5-қосымшасы осы тізбеге 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 6-қосымшасы осы тізбеге 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 7-қосымшасы осы тізбеге 5-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 8-қосымшасы осы тізбеге 6-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 11-қосымшасы осы тізбеге 7-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 18-қосымшасының орыс тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді;

көрсетілген Қағидалардың 22-қосымшасы осы тізбеге 8-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 30-қосымшасы осы тізбеге 9-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 32-қосымшасының орыс тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді.

2. "Бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдерді алушыларға міндетті зейнетақы жарналарын субсидиялау қағидалары" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің

орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 9 маусымдағы № 213 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32776 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдерді алушыларға міндетті зейнетақы жарналарын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы қағидаларында:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдерді алушыларға міндетті зейнетақы жарналарын субсидиялау қағидалары";

2-тармақтың 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"8) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі –ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілті мен электрондық цифрлық қолтаңба құралдарын пайдалана отырып жасалған, электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын цифрлық жазба (цифрлық деректер жиынтығы).";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Бюджеттік субсидиялардың мөлшерін электрондық белгілеу кезінде субсидиялар белгілеу жөніндегі уәкілетті орган мен Мемлекеттік корпорацияның өзара іс-қимылы Қазақстан Республикасының Цифрлық кодексіне сәйкес жүзеге асырылады. ";

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Бюджеттік субсидияның мөлшерін белгілеу (белгілеуден бас тарту) туралы шешім маманның, басқарма (бөлімше) басшысының және уәкілетті орган басшысының ЭЦҚ арқылы куәландырылған электрондық-цифрлық нысандағы құжатты білдіреді. Бюджеттік субсидияның мөлшерін белгілеу (белгілеуден бас тарту) туралы шешімнің нөмірі мен күні автоматты режимде беріледі.

Істердің электрондық макеттері орталық атқарушы органның цифрлық жүйесінде тұрақты сақталады.";

25-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"25. Цифрлық жүйелерде күтіміне байланысты әлеуметтік төлемді алушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), туған күні өзгерген жағдайда ОДҚ-да автоматты режимде өзгерістер жүргізіледі.";

26-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"26. Артық аударылған қаражат немесе шешімнің электрондық жобасы өзгерген жағдайда, бюджеттік субсидияның мөлшерін белгілеу және оларды аудару кезінде Мемлекеттік корпорация бес жұмыс күні ішінде қате аударылған бюджеттік субсидияларды қайтаруға электрондық түрде осы Қағидалардың 11-қосымшасына

сәйкес өтінім қалыптастырады. Өтінімде: міндетті зейнетақы жарналары салымшысының (күтім бойынша әлеуметтік төлем алушының) деректемелері: тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), туған күні, жеке сәйкестендіру нөмірі, қайтарылуға жататын бюджеттік субсидиялардың мөлшері және қайтару себебі көрсетіледі.";

көрсетілген Қағидалардың 1-қосымшасы осы тізбеге 10-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 2-қосымшасы осы тізбеге 11-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 3-қосымшасы осы тізбеге 12-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 4-қосымшасы осы тізбеге 13-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 7-қосымшасы осы тізбеге 14-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 8-қосымшасы осы тізбеге 15-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 10-қосымшасы осы тізбеге 16-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Республикалық бюджет қара жатынан жерлеуге бір жолғы төлемді тағайындау және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 27 маусымдағы № 256 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №32925 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Республикалық бюджет қаражатынан жерлеуге бір жолғы төлемді тағайындау және жүзеге асыру қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Республикалық бюджет қаражатынан жерлеуге арналған біржолғы төлемді тағайындау және жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің (бұдан әрі – Әлеуметтік кодекс) 242-бабы 5 тармақшасына, "Жерасты және ашық кен жұмыстарында, еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстарда немесе еңбек жағдайлары зиянды және ауыр жұмыстарда істеген адамдарға берілетін мемлекеттік арнайы жәрдемақы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабына және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді.";

2-тармақта:

2), 3) және 4) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"2) АХАЖ ЦЖ – "Азаматтардың хал актілерін жазу" цифрлық жүйесі;

3) "Е-макет" автоматтандырылған цифрлық жүйесі (бұдан әрі – "Е-макет" АЦЖ) – Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің "Зейнетақы төлемдері мен жәрдемақыларды электрондық тағайындау" автоматтандырылған цифрлық жүйесі;

4) "БХТ" ЦЖ – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің "Бекітілген халық тіркелімі" цифрлық жүйесі";

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"8) өтініш беруші (көрсетілетін қызметті алушы) – республикалық бюджет қаражатынан жерлеуге арналған біржолғы төлемді тағайындауға өтініш білдірген жеке тұлға, заңды тұлға немесе дара кәсіпкер";

12), 13), 14) және 15) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"12) цифрлық құжаттардың сервисі – операторға бекітілген және цифрлық объектісіндегі мәліметтер негізінде қалыптастырылған құжаттарды электронды түрде көрсетуге және пайдалануға арналған "цифрлық үкіметтің" цифрлық инфрақұрылым объектісі;

13) "цифрлық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, мемлекеттік қызметтер көрсетуге қатысатын мемлекеттік органдар мен өзге де субъектілер орналастыратын шоғырландырылған ақпаратқа, сондай-ақ электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік және өзге де көрсетілетін қызметтерге қол жеткізудің "бірыңғай терезесін" білдіретін цифрлық объект;

14) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілті мен электрондық цифрлық қолтаңба құралдарын пайдалана отырып жасалған, электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын цифрлық жазба (цифрлық деректер жиынтығы);

15) электрондық іс макеті (бұдан әрі – ЭІМ) – Мемлекеттік корпорацияда Е-макет АЦЖ қалыптастыратын республикалық бюджет қаражатынан жерлеуге арналған біржолғы төлем (бұдан әрі – жерлеуге арналған біржолғы төлем) алушының электрондық іс макеті.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Уәкілетті мемлекеттік орган осы Қағидалар бекітілген немесе өзгертілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпаратты жаңартады және оны Бірыңғай байланыс-орталығына, жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органға, Мемлекеттік корпорацияға және "цифрлық үкіметтің" операторына жібереді.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Құжаттарды қабылдайтын маман "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы цифрлық жүйелерге (бұдан әрі – ЦЖ) сұрау салулар қалыптастырады:

Өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттар бойынша – "Жеке тұлғалар" мемлекеттік деректер қоры ЦЖ.

"ОДҚ" ЦЖ қайтыс болған алушы туралы мәліметтерді растауға, төлемді тағайындау, сондай-ақ алушыны жерлеуге біржолғы төлемді тағайындауға өтініш беру фактісінің болмауы;

"АХАЖ" ЦЖ-да алушының қайтыс болғаны туралы куәлік бойынша.

Электрондық құжаттар цифрлық құжаттар сервисі арқылы қалыптастырылады, тексеріледі және пайдаланылады.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Жерлеуді жүзеге асырған жеке немесе заңды тұлға ЦЖ мәліметтер болмаған кезде өтінішке қоса беріледі:

1) жерлеуді жүзеге асырған адамның жеке басын куәландыратын құжат не жерлеуді жүзеге асырған заңды тұлғаны (заңды тұлғалар үшін) мемлекеттік тіркеу туралы анықтама (куәлік) немесе дара кәсіпкердің (заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар үшін) патенті;

2) алушының қайтыс болғаны туралы хабарлама немесе басқа мемлекеттердің уәкілетті органы берген және апостильмен куәландырылған қайтыс болу фактісін растайтын құжат.

Шет тілінде жасалған құжаттарды ұсынған кезде нотариус "Нотариат туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 34-бабы 1-тармағының 9) тармақшасына, 80-бабына сәйкес құжаттың қазақ немесе орыс тіліне аудармасының дұрыстығын куәландырады.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Өтінішті қабылдаған маман өтініш берушіден жерлеуге біржолғы төлемді тағайындау үшін қабылданатын құжаттар топтамасының, сондай-ақ ЦЖ-дан алынған мәліметтердің толықтығын тексереді, осы Қағидалардың 6-тармағына сәйкес өтініш беруші ұсынған құжаттардың электрондық көшірмелерін жаңғырту сапасын және олардың түпнұсқаларға сәйкестігін қамтамасыз етеді, өзінің ЭЦҚ арқылы куәландырады, содан кейін құжаттардың түпнұсқаларын өтініш берушіге қайтарады.";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Өтініш беруші бір жолғы жәрдемақыларды тағайындауға портал арқылы жүгінген кезде ұсынылған мәліметтерді растау және өтініште көзделген қажетті мәліметтерді алу үшін мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ЦЖ-ға сұрау салу үшін осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес "цифрлық үкіметтің" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ЦЖ-дан өтініш беруші өзі жүзеге асырады.

Мемлекеттік органдар және (немесе) ұйымдар сұрау салынған мәліметтерді растайтын электрондық құжаттарды ұсынған кезде сұрау салуды портал арқылы жүзеге асырған өтініш беруші электрондық өтінішті өзінің ЭЦҚ-сымен куәландырады және оны "Е-макет" автоматтандырылған АЦЖ-ға жібереді.

Біржолғы төлемдерді тағайындауға портал арқылы келіп түскен төлемдерді тағайындау үшін ұсынылған электрондық өтініш мынадай параметрлер бойынша тексеруден өтеді:

- 1) ұсынылған мәліметтердің толықтығы;
- 2) көрсетілген қайтыс болған адамға жерлеуге арналған біржолғы төлемді тағайындау фактісінің болмауы;
- 3) көрсетілген қайтыс болған адамға жерлеуге арналған біржолғы төлемді тағайындауға өтініш беру фактісінің болмауы;
- 4) адамның қайтыс болған күніне жасына байланысты зейнетақы төлемдерін, мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларын, мемлекеттік арнаулы жәрдемақыны алушы ретінде оның мәртебесі;
- 5) жерлеуге арналған біржолғы төлем алуға зейнетақы немесе жәрдемақы алушы қайтыс болған күннен үш жылдан кешіктірілмей жүгіну.

Көрсетілген параметрлер бойынша тексеру нәтижесі оң болған жағдайда өтініш өңдеуге арналған "Е-макет" АЦЖ кіріс хабарламалар журналына ауыстырылады.

Портал арқылы біржолғы төлемдерді тағайындауға жүгінген өтініш берушіге электрондық өтініштің қабылданғаны туралы хабарлама өтініш берушінің жеке кабинетіне жіберіледі.

Портал арқылы келіп түскен электрондық өтінімдер осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша азаматтардың тағайындауға өтініштерін тіркеудің электрондық журналында автоматты түрде тіркеледі.";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Жерлеуге біржолғы төлем тағайындау бойынша проактивті қызмет көрсету кезінде өтініш беру талап етілмейді.

Көрсетілетін қызметті алушыны айқындау үшін "Е-макет" АЦЖ арқылы қайтыс болу туралы акт жазбасын тіркеуге өтініш білдірген адам туралы мәліметтерді алуға АХАЖ ЦЖ-ға не қайтыс болған адамның денесін алып кеткен адам туралы мәліметтерді алу үшін БХТ ЦЖ – ға сұрау салу бастамашылық етіледі.

Мемлекеттік органдардың ЦЖ-дан қажетті мәліметтерді алған кезде, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушының ұялы байланысының абоненттік құрылғысының телефон нөмірін порталда тіркеу кезінде "Е-макет" АЦЖ арқылы жерлеуге біржолғы төлем тағайындау және қарым-қатынас тілін таңдау мүмкіндігі туралы sms-хабарға бастамашылық жасалады.";

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Көрсетілетін қызметті алушының келісімін алған жағдайда "Е-макет" АЦЖ жерлеуге арналған біржолғы төлемді тағайындауға азаматтардың өтініштерін (өтінімдерін) тіркеудің электрондық журналында өтінішті автоматты түрде тіркеуді жүзеге асырады, содан кейін өтініш берушіге уәкілетті органның ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық өтінімді қабылдау туралы хабарлама жіберіледі.

Көрсетілген параметрлер бойынша тексеруден өтпеген жағдайда "Е-макет" АЦЖ өтініш берушіге электрондық өтінімнің қабылданбағаны туралы хабарламаны автоматты түрде ұсынады.";

19-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"19-1. Жерлеуге берілетін біржолғы төлем ұялы байланыс абоненттік құрылғысы (проактивті қызмет) немесе "Е-макет" АЦЖ порталы арқылы автоматты түрде тағайындаған жағдайда:

осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес ЭІМ және жерлеуге берілетін біржолғы төлем тағайындау туралы шешімнің электрондық жобасын қалыптастырады, көрсетілетін қызыметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ арқылы шешімнің электрондық жобасын бекітеді;

ЭІМ-да тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қабылдау үшін қажетті мәліметтер болмаған немесе дұрыс болмаған жағдайда жерлеуге берілетін біржолғы төлемді тағайындаудан бас тарту туралы шешім қалыптастырады;

"ОДҚ" АЦЖ-да төлем үшін шешімнің электрондық жобасын қоюды автоматты түрде жүзеге асырады.";

37-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"ЦЖ олардың тағайындалуына сәйкес ЦЖ үзіліссіз жұмыс істеуі мен өзектілігін қамтамасыз етуге бағытталған шаралар жиынтығын қамтамасыз етеді. Уәкілетті мемлекеттік органның ЦЖ берілетін деректердің толықтығын, дәйектілігін, өзектілігі мен уақтылығын қамтамасыз етеді.";

38-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"38. Жерлеуге біржолғы төлем тағайындау жөніндегі уәкілетті орган мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингін ЦЖ-да мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді автоматтандырылған режимде енгізуді қамтамасыз етеді.";

көрсетілген Қағидалардың 2-қосымшасы осы тізбеге 17-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 3-қосымшасы осы тізбеге 18-қосымшаға ымша сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 5-қосымшасы осы тізбеге 19-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Тізбеге 1-қосымша
Мемлекеттік базалық зейнетақы
төлемінің, жасына байланысты
зейнетақы төлемдерінің
мөлшерін есептеу (айқындау),
оларды тағайындау, жүзеге
асыру, тоқтата тұру, қайта
есептеу, қайта бастау, тоқтату
және тағайындау
(тағайындаудан бас тарту)
туралы шешімді қайта қарау

Аудан коды _____

Қазақстан Республикасы

Қазақстан Республикасы Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің _____ облысы (қаласы) бойынша департаменті

Өтініш

Азамат _____

(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Туған күні: _____ жылғы " ____ " _____

Жеке сәйкестендіру нөмірі _____

Жеке басты куәландыратын құжаттың түрі: _____

Құжаттың сериясы: _____ құжаттың нөмірі: _____ кім берген: _____

Берілген күні _____ жылғы " ____ " _____

Тұрақты тұратын жерінің мекенжайы _____

Облыс _____ қала (аудан) _____ ауыл _____ көше
(шағынаудан)

_____ үй _____ пәтер _____

Банк деректемелері:

Банктің атауы _____

Банк шотының № _____

Шот түрі: ағымдағы _____

Маған _____

(жасына байланысты зейнетақы төлемдерін, мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін)

тағайындауды (қалпына келтіруді) сұраймын.

Бұрын маған жәрдемақы, оның ішінде Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тағайындалған/ тағайындалмаған (қажет емесі сызылып тасталсын).

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің цифрлық жүйелерінен қатарынан кез-келген үш жыл үшін _____ жылдан _____ жылға дейін _____ сомасында жинақтаушы зейнетақы қорларына немесе бірыңғай жинақтаушы қорына жүргізілген міндетті зейнетақы жарналарының барынша тиімді кезеңі бойынша орташа айлық табысты есептеуге келісім беремін.

Төленетін зейнетақылар мөлшерінің өзгеруіне алып келетін барлық өзгерістерді, сондай-ақ тұрғылықты жерімнің (оның ішінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге кету), анкета деректерінің, банк деректемелерінің өзгергенін Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне хабарлауға келісім беремін.

Өтінішке қоса берілген құжаттардың тізбесі:

--	--	--	--

P/c №	Құжаттың атауы	Құжаттағы парақтардың саны	Ескертпе
1			

"Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес менің деректерімді беру, оның ішінде деректерді трансшекаралық беруді жүзеге асыру құқығымен төлемді тағайындау, қалпына келтіру, қайта есептеу кезінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына және (немесе) Қазақстан Республикасы ратификацияланған халықаралық шарттарға сәйкес Мемлекеттік корпорациясының өз міндеттемелерін орындауы кезінде менің дербес деректерімді Қазақстан Республикасының заңнамасында жол берілетін кез келген тәсілмен жинауға және өңдеуге, сақтауға және пайдалануға келісім беремін.

Өзімді банк шотының иегері және екінші денгейдегі банктердегі қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тиісті банк операцияларының түрлеріне лицензиясы бар ұйымдардағы, "Қазпошта" акционерлік қоғамының аумақтық бөлімшелеріндегі банк шотының нөмірлері туралы мәліметтерді алуға келісім беремін.

Зейнетақы төлемдерін, мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қабылдау жөнінде ұялы телефонға sms-хабарландыру жіберу арқылы хабардар етуге келісім беремін.

Өтініш берушінің байланыс деректері:

үй телефоны _____ ұялы телефон _____ E-mail _____

өтініш берген күн: 20__ жылғы " __ " _____

өтініш берушінің қолы/ЭЦП _____

Өтінішке қол қою күні және уақыты __ жылғы __ __. сағат __ минут __ секунд__
----- (кесу сызығы)

Азамат _____

өтініші № _____ болып тіркелді.

Құжаттар қабылданған күн 20__ жылғы " __ " _____

құжаттарды қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)
және қолы

Тізбеге 2-қосымша
Мемлекеттік базалық зейнетақы
төлемінің, жасына байланысты
зейнетақы төлемдерінің
мөлшерін есептеу (айқындау),
оларды тағайындау, жүзеге
асыру, тоқтата тұру, қайта
есептеу, қайта бастау, тоқтату
және тағайындау
(тағайындаудан бас тарту)
туралы шешімді қайта қарау
қағидаларына 2-қосымша

Нысан

Аудан коды _____

Қазақстан Республикасы

Қазақстан Республикасы Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің _____ облысы (қаласы) бойынша департаменті

"Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ (бұдан әрі – БЖЗҚ)

Өтініш

Азамат _____

(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Туған күні: _____ жылғы " ____ " _____

Жеке сәйкестендіру нөмірі _____

Жеке басты куәландыратын құжаттың түрі: _____

Құжаттың сериясы: _____ құжаттың нөмірі: _____ кім берген: _____

Берілген күні: _____ жылғы " ____ " _____

Тұрғылықты тұратын жерінің мекенжайы: _____

Облыс _____ қала (ауданы) _____ ауыл _____

көше (шағынаудан) _____ үй _____ пәтер _____

Банк деректемелері:

Банктің атауы _____

Банк шотының № _____

Шот түрі: ағымдағы _____

Резиденттік: резидент бейрезидент

Маған зейнеткерлік жасқа толуыма байланысты _____

_____ (жасына байланысты зейнетақы төлемдерін; мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін;

БЖЗҚ-дан төленетін зейнетақы төлемдерін) тағайындауды сұраймын.

Бұдан бұрын маған зейнетақы төлемдері, оның ішінде Қазақстан Республикасының тыс жерлерде тағайындалған/ тағайындалмаған (қажет емесі сызылып тасталсын).

БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдері төленген кезде БЖЗҚ-дан берілетін зейнетақы төлемдер түріндегі менің табысыма БЖЗҚ-дан төлем берілген күніне, бірақ Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген шектерден асырмай есептелген салықтық шегерімді қолдануды сұраймын.

Жеке табыс салығымен салық салуға жататын БЖЗҚ-дан берілетін зейнетақы төлемдері түріндегі менің табысыма салықтық шегерімді қолдану салық шегерімге құқықтың қолданылу мерзімі ішінде қолданылатынына келісемін.

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің цифрлық жүйелерінен қатарынан кез-келген үш жыл үшін _____ жылдан _____

_____ жылға дейін _____ сомасында жинақтаушы зейнетақы қорларына немесе бірыңғай жинақтаушы қорына жүргізілген міндетті зейнетақы жарналарының барынша тиімді кезеңі бойынша орташа айлық табысты есептеуге келісім беремін.

Төленетін зейнетақы төлемдері мөлшерлерінің өзгеруіне әкеп соғатын барлық өзгерістерді, сондай-ақ тұрғылықты жерімнің (оның ішінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге кету), анкета деректерінің, банк деректемелерінің өзгергенін Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне хабарлауға келісім беремін.

Өтінішке қоса берілген құжаттардың тізбесі:

P/c №	Құжаттың атауы	Құжаттағы парақтардың саны	Ескертпе
1			
2			

"Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес менің деректерімді беру, оның ішінде деректерді трансшекаралық беруді жүзеге асыру құқығымен төлемді тағайындау, қалпына келтіру, қайта есептеу кезінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына және (немесе) Қазақстан Республикасы ратификацияланған халықаралық шарттарға сәйкес Мемлекеттік корпорациясының өз міндеттемелерін орындауы кезінде менің дербес деректерімді Қазақстан Республикасының заңнамасында жол берілетін кез келген тәсілмен жинауға және өңдеуге, сақтауға және пайдалануға келісім беремін.

Өзімді банк шотының иегері және екінші деңгейдегі банктердегі қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тиісті банк операцияларының түрлеріне лицензиясы бар ұйымдардағы, "Қазпошта" акционерлік қоғамының аумақтық бөлімшелеріндегі банк шотының нөмірлері туралы мәліметтерді алуға келісім беремін.

Жасына байланысты зейнетақы төлемдерін, мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін , БЖЗҚ-дан берілетін зейнетақы төлемдерін тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қабылдау жөнінде ұялы телефонға sms-хабар жіберу арқылы хабардар етуге келісім беремін.

Өтініш берушінің байланыс деректері:

үй телефоны _____ ұялы телефон _____ E-mail _____

өтініш берген күн: 20__ жылғы " ____ " _____

өтініш берушінің қолы _____

Азамат _____

өтініші № _____ болып тіркелді.

Құжаттар қабылданған күн 20__ жылғы " ____ " _____

_____ (құжаттарды қабылдаған Мемлекеттік корпорация қызметкерінің лауазымы және

қолы, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) және лауазымы)

Тізбеге 3-қосымша

Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің, жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу (айқындау), оларды тағайындау, жүзеге асыру, тоқтата тұру, қайта есептеу, қайта бастау, тоқтату және тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қайта қарау қағидаларына 5-қосымша

"Жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі		
1	Мемлекеттік қызметтің атауы	Жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің (бар болса) атауы	Жоқ
3	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Қазақстан Республикасы Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші)
4	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету тәсілдері	1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы; 2) жасына байланысты зейнетақы төлемін тағайындау туралы ақпарат алу кезінде https://www.gov4c.kz "цифрлық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал)
5	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету мерзімі	1) 10 (он) жұмыс күні Мемлекеттік корпорация өтініш берушіні қосымша құжатты (құжаттарды) ұсыну қажеттігі туралы 5 (бес) жұмыс күні ішінде хабардар еуі үшін мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі 5 (бес) жұмыс күніне ұзартылады; 2) порталда – цифрлық жүйеге электрондық сұрау салу келіп түскен сәттен бастап 30 минут; 3) Мемлекеттік корпорацияда құжаттардың топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 минут;

		4) Мемлекеттік корпорацияда қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 минут
6	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нысаны	электрондық (ішінара цифрландырылған) және (немесе) қағаз түрінде және (немесе) "бір өтініш" қағидаты бойынша көрсетілетін
7	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нәтижесі	Осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес бекітілген нысан бойынша жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы хабарлама. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық және (немесе) қағаз түрінде. Порталда жасына байланысты зейнетақы төлемін тағайындау туралы ақпарат көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушы жеке өзі (немесе нотариат куәландырған сенімхат бойынша оның өкілі) келгенде жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат негізінде беріледі. Мемлекеттік корпорация көрсетілетін қызметті алушының мобильді телефонына sms-хабар жіберу арқылы қабылданған шешім туралы көрсетілетін қызметті алушыны хабардар етеді.
8	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Көрсетілетін мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі
		1) Көрсетілетін қызметті берушіде – Қазақстан Республикасының

Көрсетілген қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және цифрлық объектілерінің жұмыс графигі

Еңбек кодексіне сәйкес жексенбі және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, көрсетілген қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және цифрлық объектілерінің жұмыс графигіне сәйкес сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі асқа үзіліс 13.00-ден 14.30-ға дейін

2) Мемлекеттік корпорацияда – өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің дайын нәтижелерін беру Мемлекеттік корпорация арқылы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мерекелік күндерден басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда үзіліссіз сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, Мемлекеттік корпорацияның халыққа қызмет көрсететін кезекші бөлімдері дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін және сенбі күні сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін жүзеге асырылады. Қабылдау " электрондық кезек" тәртібінде, өтініш берушінің жеделдетіп қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады, электрондық кезекті портал арқылы броньдауға болады ;

3) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы.Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары интернет-ресурстарда орналастырылған:

- 1) Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі – <https://www.enbek.gov.kz>, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімі
- 2) Мемлекеттік корпорация – <https://www.gov4c.kz>.

1) Көрсетілетін қызметті алушы (немесе нотариат куәландырған сенімхат бойынша оның өкілі) мемлекеттік қызметті көрсету үшін жүгінген кезде осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес

нысан бойынша өтініш береді, ал бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан берілетін зейнетақы төлемдерін, базалық зейнетақыны және жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындауға жүгінген кезде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бір өтініш және мынадай құжаттар ұсынады:

2) Мемлекеттік корпорацияда:

1) жеке басты куәландыратын құжат (Қазақстан Республикасы азаматының паспорты, Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі, азаматтығы жоқ адамның куәлігі, шетелдіктің ықтиярхаты, Қазақстан Республикасының азаматтығын алғанға дейінгі қандас куәлігі) (жеке басты сәйкестендіру үшін қажет);

2) "Байқоңыр" кешенінің ресейлік ұйымдарында жұмыс істеген адамдар Ресей Федерациясының валютасымен төленген табысы туралы жұмыс берушінің анықтамасы (бар болса). Жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындауға жүгінген күнге Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының шетел валюталарына ресми бағамы туралы мәліметтерді Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсынан алады;

3) міндетті зейнетақы жарналарына, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының мөлшерлемелеріне 0 түзету коэффициенті қолданылған Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша еңбек, кәсіпкерлік қызмет, қызмет түрлері бойынша жеке практикамен айналысу кезеңдерінде алынған табыс, сондай-ақ табыстары Кодекстің 211-бабының 3-тармағына сәйкес жеке тұлғаның салық салынуға жататын табыстарынан алып

тасталған қызметтен түскен табыс осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес жұмыс берушінің табыстар туралы анықтамасы;

4) өтініш берушінің еңбек өтілін растайтын құжат:

еңбек кітапшасы; болмаған немесе жарамсыз болған, еңбек кітапшасында тиісті жазбалар болмаған, түзетулер, дәлсіздіктер болған және әртүрлі оқылған кезде архив мекемелерінен анықтамалар, мемлекеттік архивтің немесе ведомстволық архивтің уәкілетті қызметкерінің ЭЦҚ-мен куәландырылған архивтік құжаттың электрондық көшірмелері немесе жұмыс орнынан анықтамалар.

Болуына қарай мынадай құжаттар ұсынылады:

білімі туралы құжат; әскери билет немесе қорғаныс істері жөніндегі басқарманың (бөлімнің) анықтамасы;

балалардың туу туралы куәліктері (азаматтық хал актілерін жазу органдары берген туу туралы актілік жазбадан үзінді көшірме немесе азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама); "Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына сәйкес прокуратура органдары берген ақталуы туралы анықтама;

ұрыс қимылдарына қатысқаны туралы әскери комиссариаттың анықтамасы; бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға, екінші топтағы жалғыздікті мүгедектігі бар адамға және бөгде адамның көмегіне мұқтаж жасына байланысты зейнеткерге, сексен жасқа толған қарттарға, он сегіз жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаға күтімді жүзеге асыру фактісін және кезеңін растайтын соттың шешімі; бұрынғы кеңестік мекемелер, Қазақстан Республикасы мекемелері, халықаралық ұйым қызметкері жұбайының (зайыбының) шетелде

Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

тұрғанын растайтын құжат; әскери қызметші, арнаулы мемлекеттік орган қызметкері жұбайының (зайыбының) мамандығы бойынша жұмысқа орналасу мүмкіндігі болмаған жерлерде тұрғанын растайтын құжат;

Қазақстан Республикасына тарихи елінде тұрақты тұру мақсатында келген этникалық қазақтардың шығу мемлекетіндегі еңбек қызметін растайтын құжат ұсынылады.

Жұмыс істемейтін ананың жас балаларға күтім көрсеткенін растау үшін мына құжаттардың біреуі (болуына қарай) ұсынылады : балалардың жеке басын куәландыратын құжат;

балалардың неке туралы куәлігі (азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама) не некені бұзу туралы куәлігі немесе неке қию туралы актілік жазбасынан үзінді көшірме (тегін өзгерткен кезде); орта кәсіптік оқу орнын бітіргені туралы аттестат; балалардың арнаулы орта немесе жоғары оқу орнын бітіргені туралы диплом не оқитынын растайтын оқу орнының анықтамасы; балалардың қайтыс болуы туралы куәлік немесе хабарлама (немесе азаматтық хал актілерін жазу органдары берген қайтыс болуы туралы актілік жазба немесе азаматтық хал актісін тіркеу туралы анықтама); балалардың әскери қызметті өткергенін растайтын құжат;

5) неке туралы куәлік (азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама) не некені бұзу туралы куәлік немесе неке қию туралы актілік жазбадан үзінді көшірме (ата-анасы/қамқоршы тегін өзгерткен кезде).

5 және одан да көп бала туған (асырап алған) және оларды сегіз жасқа дейін тәрбиелеген әйелдерге жасына байланысты зейнетақы төлемдері тағайындалғанда, қосымша балалардың туу туралы куәліктері

(немесе азаматтық хал актілерін жазу органдары берген туу туралы актілік жазба немесе азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама) және балаларды сегіз жасқа дейін тәрбиелеу фактісін растайтын құжаттар ұсынылады.

Балаларды сегіз жасқа дейін тәрбиелеу фактісін растау үшін (олардың болуына қарай):

- 1) балалардың жеке басын куәландыратын құжат;
- 2) неке туралы куәлік (азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама) не некені бұзу туралы куәлік немесе неке кию туралы актілік жазбадан үзінді көшірме (тегін өзгерткен кезде);
- 3) балалардың оқу орнында оқығаны туралы құжат;
- 4) қайтыс болуы туралы куәлік немесе хабарлама (немесе азаматтық хал актілерін жазу органдары берген қайтыс болғаны туралы актілік жазба немесе азаматтық хал актісін тіркеу туралы анықтама);
- 5) әскери билет;
- 6) баланы (балаларды) асырап алу, тәрбиелеу фактісін белгілеу туралы соттың шешімі.

Төтенше және аса жоғары радиациялық қатер аймақтарында тұрған адамға жасына байланысты зейнетақы төлемдері тағайындалғанда 1949 жылғы 29 тамыз бен 1963 жылғы 5 шілде аралығында 5 жыл бойы төтенше және аса жоғары радиациялық қатер аймақтарында тұру фактісін растайтын құжат қосымша ұсынылады.

Қамқоршылық (қорғаншылық) белгіленгенде қамқоршылық (қорғаншылық) белгіленгенін растайтын құжат ұсынылады.

Шет тілінде жасалған құжаттарды ұсыну барысында нотариус "Нотариат туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 34-бабы 1-тармағының 9) тармақшасына, 80

-бабына сәйкес құжаттың қазақ немесе орыс тіліне дұрыс аударылғанын куәландырады.

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің м.а. 2017 жылғы 6 желтоқсандағы № 11-1-2/576 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тізілімінде № 16116 болып тіркелген) бекітілген Құжаттарды заңдастыру қағидаларында көзделген тәртіппен, егер заңдармен және халықаралық шарттармен өзгеше көзделмесе, шет мемлекеттің құзыретті мекемесі берген немесе куәландырған не осы тұлғаға арнайы уәкілеттік берілген, оның құзыреті шегінде және ол белгілеген нысан бойынша шет мемлекеттің ресми мөрімен бекітілген құжаттар арнайы куәландыру рәсімінен (заңдастыру немесе апостильдеу) өткеннен кейін ғана қабылданады.

Құжаттарды мемлекеттік цифрлық жүйелерден алу мүмкіндігі болған кезде оларды ұсыну талап етілмейді. Жеке басты куәландыратын құжат туралы мәліметтерді, баланың (балалардың) туу туралы куәлігін немесе туу туралы актілік жазбадан үзінді көшірмені (Қазақстан Республикасының аумағында 2007 жылғы 13 тамыздан кейін тіркелгендер бойынша), некеге тұру туралы куәлікті (Қазақстан Республикасының аумағында 2008 жылғы 1 маусымнан кейін тіркелгендер бойынша), қайтыс болғаны туралы куәлікті немесе хабарламаны (Қазақстан Республикасының аумағында 2008 жылғы 1 мамырдан кейін тіркелгендер бойынша) қамқоршылық (қорғаншылық) белгілеу туралы құжатты, баланы (балаларды) асырап алу туралы сот шешімін "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ЦЖ-дан, оның ішінде цифрлық құжаттардың сервисінен алады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде көрсетілетін қызметті алушыға тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі; порталда тағайындау туралы ақпаратты алу үшін: көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанында сұрау салу. Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтерді "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйеден алады.

Портал арқылы жүгінгенде – көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы статус көрінеді.

Көрсетілетін қызметті берушілер цифрлық құжаттар сервисінен цифрлық құжаттарды порталда тіркелген пайдаланушының ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы бір реттік құпия сөзді беру жолымен немесе порталдың хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтіндік хабарлама жіберу жолымен ұсынылған құжат иесінің келісімі болған жағдайда іске асырылған интеграция арқылы алады.

Көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 8-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар жиынтығын толық бермеген және (немесе) мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған, жасы бойынша зейнетақы төлемін тағайындауға құқығы болмағанда Мемлекеттік корпорацияның қызметкері осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тағайындауға өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

Зейнетақы және жәрдемақы тағайындауға өтініш беру немесе

Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздерді қамтитын, мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

төлеу фактісін растайтын мәліметтерді цифрлық жүйелерден алғанда Мемлекеттік корпорацияның қызметкері осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы қолхатты өтініш берушіге тапсырады.

Көрсетілетін қызметті беруші мынадай негіздер бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуден бас тартады:

1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігін белгілеу;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету кезінде ұсынылған материалдардың, деректердің және мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту себептерін жойғанда, осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде белгіленген тәртіппен көрсетілетін мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы қайта жүгінеді.

Өзіне-өзі қызмет көрсетуді, өз бетінше жүріп-тұруды, бағдарлауды жүзеге асыру қабілетін немесе мүмкіндігін заңнамада белгіленген тәртіппен толық немесе ішінара жоғалтқан көрсетілетін қызметті алушылар "1414" бірыңғай байланыс орталығы, 8 800 080 77 77 арқылы жүгінгенде мемлекеттік қызмет көрсету үшін құжаттарды қабылдауды Мемлекеттік корпорацияның қызметкері тұрғылықты жеріне барып жүргізеді.

Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті

12	Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптар	<p>электрондық нысанда портал арқылы алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті", көрсетілетін қызметті берушінің анықтама қызметі, сондай-ақ "1414" бірыңғай байланыс орталығы, 8-800-080-7777 арқылы алуға мүмкіндігі бар. Цифрлық құжаттардың сервисі ЭЦҚ немесе бір реттік құпиясөзді пайдаланумен "eGov mobile" мобильді қосымшасында тіркелген пайдаланушылар үшін қолжетімді.</p> <p>Цифрлық құжаттардың сервисі мобильдік қосымшалар мен пайдаланушылардың цифрлық жүйелерінде авторизацияланған субъектілер үшін қолжетімді.</p> <p>Цифрлық құжатты пайдалану үшін мобильдік қосымшаларда және пайдаланушылардың цифрлық жүйелерінде қолжетімді әдістермен авторизациядан өту қажет, одан әрі "Цифрлық құжаттар" бөлімінде кейін пайдалану үшін қажетті құжатты қарайды.</p>
----	--	--

Тізбеге 4-қосымша
Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің, жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу (айқындау), оларды тағайындау, жүзеге асыру, тоқтата тұру, қайта есептеу, қайта бастау, тоқтату және тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қайта қарау қағидаларына 6-қосымша

"Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдерін тағайындау" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі		
1	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің (бар болса) атауы	Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдерін тағайындау
2	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Жоқ

3	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Қазақстан Республикасы Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші)
4	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету тәсілдері	1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы; 2) "цифрлық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) https://www.gov4c.kz
5	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету мерзімі	8 (сегіз) жұмыс күні; Мемлекеттік корпорация өтініш берушіні қосымша құжатты (құжаттарды) ұсыну қажеттігі туралы 5 (бес) жұмыс күні ішінде хабардар еуі үшін мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі 5 (бес) жұмыс күніне ұзартылады; 1) порталда – ақпарат алу үшін мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін тағайындау үшін – цифрлық жүелерге электрондық сұрау түскен сәттен бастап 30 минут; 2) Мемлекеттік корпорацияда құжаттардың топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 минут; 3) Мемлекеттік корпорацияда қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 минут
6	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нысаны	Электрондық (ішінара цифрландырылған) және (немесе) қағаз түрінде, және (немесе) "бір өтініш" қағидаты бойынша көрсетілетін.
		Осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысанда мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдерін тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы хабарлама. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық және (немесе) қағаз түрінде. Порталда мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдерін тағайындау

7	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нәтижесі	<p>туралы хабарлама, сондай-ақ мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы ақпарат көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі.</p> <p>Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушы жеке өзі (немесе нотариат куәландырған сенімхат бойынша оның өкілі) келгенде жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат негізінде беріледі.</p> <p>Мемлекеттік корпорация көрсетілетін қызметті алушының мобильді телефонына sms-хабарландыру жіберу арқылы қабылданған шешім туралы көрсетілетін қызметті алушыны хабардар етеді.</p>
8	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Көрсетілетін мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі
		<p>1) Көрсетілетін қызметті берушіде – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жексенбі және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, көрсетілген қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және цифрлық объектілерінің жұмыс кестесіне сәйкес сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі асқа үзіліс 13.00-ден 14.30-ға дейін.</p> <p>2) Мемлекеттік корпорацияда – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жексенбі және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, көрсетілген қызметті</p>

Көрсетілген қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және цифрлық объектілерінің жұмыс кестесі

берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және цифрлық объектілерінің жұмыс кестесіне сәйкес түскі асқа үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін.

Қабылдау көрсетілетін қызметті алушының "электрондық кезек" тәртібінде жеделдетіп қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады, электрондық кезекті портал арқылы броньдауға болады;

3) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталған соң, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жексенбі және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары интернет-ресурстарда орналастырылған:

1) Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі – <https://www.gov.kz/memleket/entities/enbek>, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімі;

2) Мемлекеттік корпорация – <https://www.gov4c.kz>.

Көрсетілетін қызметті алушы (немесе нотариат куәландырған сенімхат бойынша оның өкілі) мемлекеттік қызметті көрсету үшін жүгінген кезде осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді, ал бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан берілетін зейнетақы төлемдерін, базалық зейнетақыны және жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындауға жүгінген кезде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бір өтініш және мынадай құжаттар ұсынады:

Мемлекеттік корпорацияда:

1) жеке басты куәландыратын құжат (Қазақстан Республикасы

азаматының паспорты, Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі, азаматтығы жоқ адамның куәлігі, шетелдіктің ықтиярхаты, Қазақстан Республикасының азаматтығын алғанға дейінгі қандас куәлігі) (жеке басты сәйкестендіру үшін қажет);

2) неке туралы куәлік (азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама) немесе некені бұзу туралы куәлік немесе неке қию туралы актілік жазбадан үзінді көшірме (бар болса);

3) өтініш берушінің зейнетақы жүйесіне қатысу өтілін растайтын құжаттар: өтініш берушінің 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін жинақталған еңбек өтілін растайтын құжаттар: еңбек кітапшасы; еңбек кітапшасы болмаса немесе жарамсыз болса, еңбек кітапшасында тиісті жазбалар болмаса, түзетулер және оқылуында әртүрлілік болса, архив мекемелерінің анықтамалары, мемлекеттік архивтің немесе ведомстволық архивтің уәкілетті қызметкерінің ЭЦҚ-мен куәландырылған архивтік құжаттардың электрондық көшірмелері немесе жұмыс орнынан анықтамалар.

Болуына қарай, сондай-ақ: білімі туралы құжат; әскери билет немесе қорғаныс істері жөніндегі басқарманың (бөлімнің) анықтамасы; балалардың туу туралы куәліктері (азаматтық хал актілерін жазу органдары берген туу туралы актілік жазбадан үзінді көшірме немесе азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама) ; "Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына сәйкес прокуратура органдары берген ақталуы туралы анықтама; әскери ұрыс қимылдарына қатысқаны туралы әскери комиссариаттың анықтамасы;

бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға, екінші топтағы

жалғызілікті мүгедектігі бар адамға және бөгде адамның көмегіне мұқтаж жасына байланысты зейнеткерге, сексен жасқа толған қарттарға, он сегізге дейінгі мүгедектігі бар балаға күтімді жүзеге асыру фактісін және кезеңін растайтын соттың шешімі; Кеңес Одағы аумағында орналасқан мекемелер, Қазақстан Республикасы мекемелері, халықаралық ұйым қызметкері жұбайының (зайыбының) шетелде тұрғанын растайтын құжат; әскери қызметшінің, арнаулы мемлекеттік орган қызметкері жұбайының (зайыбының) мамандығы бойынша жұмысқа орналасу мүмкіндігі болмаған жерлерде тұрғанын растайтын құжат; Қазақстан Республикасына тарихи елінде тұрақты тұру мақсатында келген этникалық қазақтардың шығу еліндегі еңбек қызметін растайтын құжат.

Жұмыс істемейтін ананың жас балаларды бағып-күткен уақытын растау үшін мына құжаттардың (олардың болуына қарай) біреуі ұсынылады:

балалардың жеке басын куәландыратын құжат; балалардың неке туралы куәлігі (азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама) не некені бұзу туралы куәлігі немесе неке қию туралы актілік жазбасынан үзінді көшірме (тегін өзгерткен кезде); балалардың орта оқу орнын бітіргені туралы аттестат; кәсіптік орта немесе жоғары оқу орнын бітіргені туралы диплом не балалардың оқығанын растайтын оқу орнының анықтамасы; балалардың қайтыс болғаны туралы куәлік немесе хабарлама (не азаматтық хал актілерін жазу органдары берген қайтыс болғаны туралы актілік жазба немесе азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама); балалардың әскери қызметті өткергенін растайтын құжат; жұмыс істемейтін әкенің жас балаларды

нақты бағып-күткені фактісін және кезеңін растайтын сот шешімі.

Бұл ретте көрсетілген кезең баланың анасының зейнетақы жүйесіне қатысу өтіліне есептелмейді; бірінші топтағы мүгедектігі бар адамды, екінші топтағы жалғыздікті мүгедектігі бар адамды және бөгде адамның көмегіне мұқтаж жасына байланысты зейнеткерді, сексен жасқа толған қартты, он сегіз жасқа дейінгі мүгедектігі бар баланы бағып-күтуді жүзеге асыру фактісін және кезеңін растайтын сот шешімі.

Мүгедектігі бар баланы тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қорғаншыға (қамқоршыға), бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға күтімді жүзеге асыратын адамға тағайындалатын және төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы алу туралы мәліметтер мемлекеттік цифрлық жүйелерде расталған кезде сот шешімін ұсыну талап етілмейді; әскери қызмет, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызмет, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет кезеңдерін растайтын (олардың болуына қарай) мынадай құжаттар : еңбек кітапшасы; әскери билет; қызмет кезеңі туралы архив мекемесінің анықтамасы; қорғаныс істері жөніндегі басқарманың (бөлімнің) немесе қызмет орнының анықтамасы; қызметті өткеру туралы келісімшарт жасау және тоқтату негізінде қызметтік қатынастардың туындауын және тоқтауын растайтын бұйрықтың көшірмелері; Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызметтері және халықаралық ұйымдар қызметкерлері жұбайының (зайыбының) шетелде , әскери қызметшілердің (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа), арнаулы

Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

мемлекеттік органдар қызметкерлерінің жұбайларымен мамандықтары бойынша жұмысқа орналасу мүмкіндігі болмаған жерлерде тұру фактісін және кезеңін растайтын құжат;
"Байқоңыр" кешенінің ресейлік ұйымдарында 1998 жылғы 1 қаңтардан кейінгі еңбек өтілін растайтын құжат;
егер мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленсе, бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдардың 2004 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі еңбек қызметінің кезеңдерін растайтын құжаттар (олардың болуына қарай): еңбек кітапшасы; еңбек кітапшасы болмаса немесе жарамсыз болса, еңбек кітапшасында тиісті жазбалар болмаса, түзетулер және оқылуында әртүрлілік болса, жұмыс орнынан анықтама; сот шешімі.
Егер мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленсе, бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдардың зейнетақы жүйесіне қатысу өтіліне 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап әлеуметтік төлемдерді аудару туралы орталықтандырылған дерекқордың мәліметтері негізінде Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік төлемдер жүзеге асырылған кезеңдер есепке алынады.
Міндетті зейнетақы жарналары жүзеге асырылған кезең орталықтандырылған дерекқордағы міндетті зейнетақы жарналарын аудару туралы мәліметтермен расталады.
Міндетті зейнетақы жарналары толық және уақтылы аударылмағанда міндетті зейнетақы жарналарын (олардың болуына қарай) жүзеге асыру кезеңдері мынадай құжаттармен расталады:
осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша міндетті зейнетақы жарналарын аудару

туралы жұмыс берушінің (құқықтық мирасқордың) немесе архивтік мекеменің растау анықтамасы (міндетті зейнетақы жарналары аударылған кезеңдер өтініш беруші еңбек өтілін растайтын құжаттарда көрсетілген еңбек қызметінің кезеңдеріне сәйкес келсе); міндетті зейнетақы жарналарын аудару кезеңдерін растайтын сот шешімі.

Жеке практикамен айналысатын адамдар, азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша кіріс алатын жеке тұлғалар, сондай-ақ нысанасы жұмысты (қызмет көрсетуді) орындау болып табылатын, "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабы 2-тармағының 5) тармақшасында көзделген жағдайларды қоспағанда, сондай-ақ фермерлік шаруашылық немесе шаруа қожалықтарының басшысы және мүшелеріне (қатысушыларға), өз пайдаларына міндетті зейнетақы жарналары жүргізген дара кәсіпкерлердің адамдардың міндетті зейнетақы жарналарын жүргізген кезеңдері бірыңғай жинақтаушы қорына тиісті қаржы кезеңіне тиісті төленетін кемінде жылдық міндетті зейнетақы жарналарының сомасын аударған жағдайда бір жылға теңестіріледі. Егер көрсетілген адамдардың салынған міндетті зейнетақы жарналарының сомасы тиісті қаржы кезеңіне тиісті төленетін міндетті зейнетақы жарналарының жылдық сомасынан аз болса, міндетті зейнетақы жарналарының кезеңі міндетті зейнетақы жарналарына енгізген сомасына пропорционалды түрде анықталады.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысу кезеңі 2006 жылғы 1 шілдеге дейін міндетті зейнетақы жарналарын аударған жағдайда, міндетті зейнетақы жарналарын

аударуды жүзеге асырған алдыңғы айынын айы ескеріледі.

Егер бір айдың ішінде жинақтаушы зейнетақы қоры және (немесе) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналарын аудару бірнеше рет жүргізілсе, жинақтаушы жүйеде қатысу кезеңі бір айды құрайды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының мөлшерлемелеріне "0" түзету коэффициенті қолданылған еңбек, кәсіпкерлік қызмет, қызмет түрлері бойынша жеке практикамен айналысу кезеңдері осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес жұмыс берушінің анықтамасымен расталады. Төтенше жағдайлар, шектеу іс-шаралары кезеңінде қызметті шектеуге байланысты кірістен айырылу жағдайына әлеуметтік төлемдерді алу кезеңі орталықтандырылған дерекқордағы мәліметтермен расталады.

Құжаттарды ұсыну, оларды мемлекеттік цифрлық жүйелерден, оның ішінде цифрлық құжаттардың сервисінен алу мүмкін болса, талап етілмейді.

Жеке басты куәландыратын құжат туралы мәліметтерді, баланың (балалардың) туу туралы куәлігін немесе туу туралы актілік жазбадан үзінді көшірмені (2007 жылғы 13 тамызға дейін туған жағдайда), неке қию (некені бұзу) туралы куәлікті (некені 2008 жылғы 1 маусымға дейін қиған жағдайда), қайтыс болу туралы куәлік немесе хабарлама (2008 жылғы 1 мамырдан соң Қазақстан Республикасы аумағында жүргізілген тіркеулер бойынша), қамқоршылық (қорғаншылық) белгілеу туралы құжатты, баланы (балаларды) асырап алу туралы соттың шешімін көрсетілетін қызметті алушы "цифрлық үкімет"

шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ЦЖ-н алады.

Қамқоршылықты (қорғаншылықты) белгілеуді, қамқоршылық (қорғаншылық) белгілеуді растайтын құжат.

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің м.а. 2017 жылғы 6 желтоқсандағы № 11-1-2/576 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тізілімінде № 16116 болып тіркелген) бекітілген Құжаттарды заңдастыру қағидаларында көзделген тәртіппен, егер заңдармен және халықаралық шарттармен өзгеше көзделмесе, шет мемлекеттің құзыретті мекемесі берген немесе куәландырған не осы тұлғаға арнайы уәкілеттік берілген, оның құзыреті шегінде және ол белгілеген нысан бойынша шет мемлекеттің ресми мөрімен бекітілген құжаттар арнайы куәландыру рәсімінен (заңдастыру немесе апостильдеу) өткеннен кейін ғана қабылданады.

Шет тілінде жасалған құжаттарды ұсынғанда нотариус "Нотариат туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 34-бабы 1-тармағының 9) тармақшасына, 80-бабына сәйкес қазақ немесе орыс тілдеріне құжатты аудару дұрыстығын куәландырады.

Порталға: мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін – осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының куәландырылған ЭЦҚ электрондық құжат нысанында портал арқылы мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін тағайындауға өтініш беру; мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы ақпаратты алу үшін – қызметтерді алушының куәландыратын ЭЦҚ электрондық құжат нысанында өтініш беру.

Көрсетілетін қызметті алушы осы тармақта көрсетілген құжаттарды

		<p>берген кезде көрсетілетін қызметті берушіге тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі;</p> <p>портал арқылы – көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы статус көрінеді.</p> <p>Көрсетілетін қызметті берушілер цифрлық құжаттар сервисінен цифрлық құжаттарды порталда тіркелген пайдаланушының ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы бір реттік құпия сөзді беру жолымен немесе порталдың хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтіндік хабарлама жіберу жолымен ұсынылған құжат иесінің келісімі болған жағдайда іске асырылған интеграция арқылы алады.</p>
11	<p>Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздерді қамтитын, мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі</p>	<p>Көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 8-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық емес топтамасын және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған, мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін тағайындауға құқығы болмағанда, Мемлекеттік корпорация қызметкері осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тағайындауға өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.</p> <p>Төлемдерді тағайындауға өтініш беру немесе тиісті төлемдерді дәлелдейтін деректерді цифрлық жүйеден алғанда, Мемлекеттік корпорация қызметкері өтініш берушіге кідіртпей осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысанда өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы қолхатты ұсынады.</p> <p>Көрсетілетін қызметті беруші мынадай негіздер бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуден бас тартады:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті

		<p>алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігін белгілеу;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету кезінде ұсынылған материалдардың, деректердің және мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту себептерін жойғанда, осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде белгіленген тәртіппен көрсетілетін мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы қайта жүгінеді.</p>
12	<p>Мемлекеттік қызметтің, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін қызметтің ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге талаптар</p>	<p>Өзіне-өзі қызмет көрсетуді, өз бетінше жүріп-тұруды, бағдарлауды жүзеге асыру қабілетін немесе мүмкіндігін заңнамада белгіленген тәртіппен толық немесе ішінара жоғалтқан көрсетілетін қызметті алушылар "1414" бірыңғай байланыс орталығы, 8 800 080 77 77 арқылы жүгінгенде мемлекеттік қызмет көрсету үшін құжаттарды қабылдауды Мемлекеттік корпорацияның қызметкері тұрғылықты жеріне барып жүргізеді.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған кезде, мемлекеттік қызметтер туралы ақпаратты портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсетудің статусы туралы ақпаратты көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтері, сондай-ақ "1414" бірыңғай байланыс орталығы, 8-800-080-7777 арқылы алуға мүмкіндігі бар. Цифрлық құжаттардың сервисі ЭЦҚ немесе бір реттік құпиясөзді пайдаланумен "eGov mobile"</p>

мобильді қосымшасында тіркелген пайдаланушылар үшін қолжетімді.

Цифрлық құжаттардың сервисі мобильдік қосымшалар мен пайдаланушылардың цифрлық жүйелерінде авторизацияланған субъектілер үшін қолжетімді.

Цифрлық құжатты пайдалану үшін мобильдік қосымшаларда және пайдаланушылардың цифрлық жүйелерінде қолжетімді әдістермен авторизациядан өту қажет, одан әрі "Цифрлық құжаттар" бөлімінде кейін пайдалану үшін қажетті құжатты қарайды.

Тізбеге 5-қосымша

Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің, жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу (айқындау), оларды тағайындау, жүзеге асыру, тоқтата тұру, қайта есептеу, қайта бастау, тоқтату және тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қайта қарау қағидаларына 7-қосымша

Нысан

(түрі көрсетілсін) өтініш қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

20__ жылғы " __ " _____

Азамат _____

(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

туған күні _____ жылғы " __ " _____

Өтініш берген күні 20__ жылғы " __ " _____

Орталық атқарушы органның цифрлық жүйесі бойынша тағайындау, төлеу немесе өтініш беру фактісі расталды

(жауапты адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) және лауазымы)

Тізбеге 6-қосымша

Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің, жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу (айқындау), оларды тағайындау, жүзеге асыру, тоқтата тұру, қайта

есептеу, қайта бастау, тоқтату
және тағайындау
(тағайындаудан бас тарту)
туралы шешімді қайта қарау
қағидаларына 8-қосымша
Нысан

(түрі көрсетілсін) тағайындауға өтініш қабылдаудан бас тарту туралы

№ _____ қолхат

Құжаттарды мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алу мүмкіндігі болған кезде оларды ұсыну талап етілмейді. Жеке басты куәландыратын құжат туралы мәліметтерді, баланың (балалардың) туу туралы куәлігін немесе туу туралы актілік жазбадан үзінді көшірмені (Қазақстан Республикасының аумағында 2007 жылғы 13 тамыздан кейін тіркелгендер бойынша), некеге тұру туралы куәлікті (Қазақстан Республикасының аумағында 2008 жылғы 1 маусымнан кейін тіркелгендер бойынша), қайтыс болғаны туралы куәлікті немесе хабарламаны (Қазақстан Республикасының аумағында 2008 жылғы 1 мамырдан кейін тіркелгендер бойынша) қамқоршылық (қорғаншылық) белгілеу туралы құжатты, баланы (балаларды) асырап алу туралы сот шешімін "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік АЖ-дан, оның ішінде цифрлық құжаттардың сервисінен алады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде көрсетілетін қызметті алушыға тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі; порталда тағайындау туралы ақпаратты алу үшін: көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанында сұрау салу.

Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтерді "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйеден алады.

Портал арқылы жүгінгенде – көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы статус көрінеді.

Көрсетілетін қызметті берушілер цифрлық құжаттар сервисінен

		<p>цифрлық құжаттарды порталда тіркелген пайдаланушының ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы бір реттік құпия сөзді беру жолымен немесе порталдың хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтіндік хабарлама жіберу жолымен ұсынылған құжат иесінің келісімі болған жағдайда іске асырылған интеграция арқылы алады.</p>
<p>11</p>	<p>Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздерді қамтитын, мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі</p>	<p>Көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 8-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар жиынтығын толық бермеген және (немесе) мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған, жасы бойынша зейнетақы төлемін тағайындауға құқығы болмағанда Мемлекеттік корпорацияның қызметкері осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тағайындауға өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.</p> <p>Зейнетақы және жәрдемақы тағайындауға өтініш беру немесе төлеу фактісін растайтын мәліметтерді ақпараттық жүйелерден алғанда Мемлекеттік корпорацияның қызметкері осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы қолхатты өтініш берушіге тапсырады.</p> <p>Көрсетілетін қызметті беруші мынадай негіздер бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуден бас тартады:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігін белгілеу; 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету кезінде ұсынылған материалдардың, деректердің және мәліметтердің осы

		<p>Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту себептерін жойғанда, осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде белгіленген тәртіппен көрсетілетін мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы қайта жүгінеді.</p>
12	<p>Мемлекеттік қызметтің, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін қызметтің ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге талаптар</p>	<p>Өзіне-өзі қызмет көрсетуді, өз бетінше жүріп-тұруды, бағдарлауды жүзеге асыру қабілетін немесе мүмкіндігін заңнамада белгіленген тәртіппен толық немесе ішінара жоғалтқан көрсетілетін қызметті алушылар "1414" бірыңғай байланыс орталығы, 8 800 080 77 77 арқылы жүгінгенде мемлекеттік қызмет көрсету үшін құжаттарды қабылдауды Мемлекеттік корпорацияның қызметкері тұрғылықты жеріне барып жүргізеді.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті электрондық нысанда портал арқылы алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті", көрсетілетін қызметті берушінің анықтама қызметі, сондай-ақ "1414" бірыңғай байланыс орталығы, 8-800-080-7777 арқылы алуға мүмкіндігі бар. Цифрлық құжаттардың сервисі ЭЦҚ немесе бір реттік құпиясөзді пайдаланумен "eGov mobile" мобильді қосымшасында тіркелген пайдаланушылар үшін қолжетімді.</p> <p>Цифрлық құжаттардың сервисі мобильдік қосымшалар мен пайдаланушылардың ақпараттық жүйелерінде авторизацияланған субъектілер үшін қолжетімді.</p>

		Цифрлық құжатты пайдалану үшін мобильдік қосымшаларда және пайдаланушылардың ақпараттық жүйелерінде қолжетімді әдістермен авторизациядан өту қажет, одан әрі "Цифрлық құжаттар" бөлімінде кейін пайдалану үшін қажетті құжатты қарайды.
--	--	---

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі

2026 жылғы 26 мамырдағы

№ 193 Бұйрыққа

2-қосымша

Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің, жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу (айқындау), оларды тағайындау, жүзеге асыру, тоқтата тұру, қайта есептеу, қайта бастау, тоқтату және тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қайта қарау қағидаларына 6-қосымша

"Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдерін тағайындау" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

1	Мемлекеттік қызметтің атауы	Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдерін тағайындау
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің (бар болса) атауы	Жоқ
3	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Қазақстан Республикасы Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші)
4	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету тәсілдері	1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы; 2) "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) https://www.gov4c.kz
		8 (сегіз) жұмыс күні Мемлекеттік корпорация өтініш берушіні қосымша құжатты (құжаттарды) ұсыну қажеттігі туралы 5 (бес) жұмыс күні ішінде

5	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету мерзімі	<p>хабардар еуі үшін мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі 5 (бес) жұмыс күніне ұзартылады;</p> <p>1) порталда – ақпарат алу үшін мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін тағайындау үшін – ақпараттық жүелерге электрондық сұрау түскен сәттен бастап 30 минут;</p> <p>2) Мемлекеттік корпорацияда құжаттардың топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 минут;</p> <p>3) Мемлекеттік корпорацияда қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 минут</p>
6	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде, және (немесе) "бір өтініш" қағидаты бойынша көрсетілетін.
7	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нәтижесі	<p>Осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысанда мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдерін тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы хабарлама. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық және (немесе) қағаз түрінде.</p> <p>Порталда мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы хабарлама, сондай-ақ мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы ақпарат көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі.</p> <p>Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушы жеке өзі (немесе нотариат куәландырған сенімхат бойынша оның өкілі) келгенде жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат негізінде беріледі.</p>

		Мемлекеттік корпорация көрсетілетін қызметті алушының мобильді телефонына sms-хабарландыру жіберу арқылы қабылданған шешім туралы көрсетілетін қызметті алушыны хабардар етеді.
8	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Көрсетілетін мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі
9	Көрсетілген қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі	<p>1) Көрсетілетін қызметті берушіде – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жексенбі және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, көрсетілген қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесіне сәйкес сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі асқа үзіліс 13.00-ден 14.30-ға дейін.</p> <p>2) Мемлекеттік корпорацияда – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жексенбі және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, көрсетілген қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесіне сәйкес түскі асқа үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін.</p> <p>Қабылдау көрсетілетін қызметті алушының "электрондық кезек" тәртібінде жеделдетіп қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады, электрондық кезекті портал арқылы броньдауға болады;</p> <p>3) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталған соң, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жексенбі және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау және</p>

мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары интернет-ресурстарда орналастырылған:

1) Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі – <https://www.gov.kz/memleket/entities/enbek>, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімі;

2) Мемлекеттік корпорация – <https://www.gov4c.kz>.

Көрсетілетін қызметті алушы (немесе нотариат куәландырған сенімхат бойынша оның өкілі) мемлекеттік қызметті көрсету үшін жүгінген кезде осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді, ал бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан берілетін зейнетақы төлемдерін, базалық зейнетақыны және жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындауға жүгінген кезде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бір өтініш және мынадай құжаттар ұсынады:

Мемлекеттік корпорацияда:

1) жеке басты куәландыратын құжат (Қазақстан Республикасы азаматының паспорты, Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі, азаматтығы жоқ адамның куәлігі, шетелдіктің ықтиярхаты, Қазақстан Республикасының азаматтығын алғанға дейінгі қандас куәлігі) (жеке басты сәйкестендіру үшін қажет);

2) неке туралы куәлік (азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама) немесе некені бұзу туралы куәлік немесе неке қию туралы актілік жазбадан үзінді көшірме (бар болса);

3) өтініш берушінің зейнетақы жүйесіне қатысу өтілін растайтын құжаттар: өтініш берушінің 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін жинақталған еңбек өтілін растайтын құжаттар: еңбек

кітапшасы; еңбек кітапшасы болмаса немесе жарамсыз болса, еңбек кітапшасында тиісті жазбалар болмаса, түзетулер және оқылуында әртүрлілік болса, архив мекемелерінің анықтамалары, мемлекеттік архивтің немесе ведомстволық архивтің уәкілетті қызметкерінің ЭЦҚ-мен куәландырылған архивтік құжаттардың электрондық көшірмелері немесе жұмыс орнынан анықтамалар.

Болуына қарай сондай-ақ:

білімі туралы құжат; әскери билет немесе қорғаныс істері жөніндегі басқарманың (бөлімнің) анықтамасы; балалардың туу туралы куәліктері (азаматтық хал актілерін жазу органдары берген туу туралы актілік жазбадан үзінді көшірме немесе азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама) ; "Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына сәйкес прокуратура органдары берген ақталуы туралы анықтама; әскери ұрыс қимылдарына қатысқаны туралы әскери комиссариаттың анықтамасы;

бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға, екінші топтағы жалғызілікті мүгедектігі бар адамға және бөгде адамның көмегіне мұқтаж жасына байланысты зейнеткерге, сексен жасқа толған қарттарға, он сегізге дейінгі мүгедектігі бар балаға күтімді жүзеге асыру фактісін және кезеңін растайтын соттың шешімі; Кеңес Одағы аумағында орналасқан мекемелер, Қазақстан Республикасы мекемелері, халықаралық ұйым қызметкері жұбайының (зайыбының) шетелде тұрғанын растайтын құжат; әскери қызметшінің, арнаулы мемлекеттік орган қызметкері жұбайының (зайыбының) мамандығы бойынша жұмысқа орналасу мүмкіндігі болмаған жерлерде тұрғанын растайтын

құжат; Қазақстан Республикасына тарихи елінде тұрақты тұру мақсатында келген этникалық қазақтардың шығу еліндегі еңбек қызметін растайтын құжат.

Жұмыс істемейтін ананың жас балаларды бағып-күткен уақытын растау үшін мына құжаттардың (олардың болуына қарай) біреуі ұсынылады:

балалардың жеке басын куәландыратын құжат; балалардың неке туралы куәлігі (азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама) не некені бұзу туралы куәлігі немесе неке қию туралы актілік жазбасынан үзінді көшірме (тегін өзгерткен кезде); балалардың орта оқу орнын бітіргені туралы аттестат; кәсіптік орта немесе жоғары оқу орнын бітіргені туралы диплом не балалардың оқығанын растайтын оқу орнының анықтамасы; балалардың қайтыс болғаны туралы куәлік немесе хабарлама (не азаматтық хал актілерін жазу органдары берген қайтыс болғаны туралы актілік жазба немесе азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама); балалардың әскери қызметті өткергенін растайтын құжат; жұмыс істемейтін әкенің жас балаларды нақты бағып-күткені фактісін және кезеңін растайтын сот шешімі.

Бұл ретте көрсетілген кезең баланың анасының зейнетақы жүйесіне қатысу өтіліне есептелмейді; бірінші топтағы мүгедектігі бар адамды, екінші топтағы жалғыздікті мүгедектігі бар адамды және бөгде адамның көмегіне мұқтаж жасына байланысты зейнеткерді, сексен жасқа толған қартты, он сегіз жасқа дейінгі мүгедектігі бар баланы бағып-күтуді жүзеге асыру фактісін және кезеңін растайтын сот шешімі.

Мүгедектігі бар баланы тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қорғаншыға (

қамқоршыға), бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға күтімді жүзеге асыратын адамға тағайындалатын және төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы алу туралы мәліметтер мемлекеттік ақпараттық жүйелерде расталған кезде сот шешімін ұсыну талап етілмейді; әскери қызмет, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызмет, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет кезеңдерін растайтын (олардың болуына қарай) мынадай құжаттар : еңбек кітапшасы; әскери билет; қызмет кезеңі туралы архив мекемесінің анықтамасы; қорғаныс істері жөніндегі басқарманың (бөлімнің) немесе қызмет орнының анықтамасы; қызметті өткеру туралы келісімшарт жасау және тоқтату негізінде қызметтік қатынастардың туындауын және тоқтауын растайтын бұйрықтың көшірмелері; Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызметтері және халықаралық ұйымдар қызметкерлері жұбайының (зайыбының) шетелде , әскери қызметшілердің (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа), арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің жұбайларымен мамандықтары бойынша жұмысқа орналасу мүмкіндігі болмаған жерлерде тұру фактісін және кезеңін растайтын құжат; "Байқоңыр" кешенінің ресейлік ұйымдарында 1998 жылғы 1 қаңтардан кейінгі еңбек өтілін растайтын құжат; егер мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленсе, бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдардың 2004 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі еңбек қызметінің кезеңдерін растайтын құжаттар (олардың болуына қарай): еңбек кітапшасы; еңбек кітапшасы болмаса немесе жарамсыз болса, еңбек

Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

кітапшасында тиісті жазбалар болмаса, түзетулер және оқылуында әртүрлілік болса, жұмыс орнынан анықтама; сот шешімі.

Егер мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленсе, бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдардың зейнетақы жүйесіне қатысу өтіліне 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап әлеуметтік төлемдерді аудару туралы орталықтандырылған дерекқордың мәліметтері негізінде Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік төлемдер жүзеге асырылған кезеңдер есепке алынады.

Міндетті зейнетақы жарналары жүзеге асырылған кезең орталықтандырылған дерекқордағы міндетті зейнетақы жарналарын аудару туралы мәліметтермен расталады.

Міндетті зейнетақы жарналары толық және уақтылы аударылмағанда міндетті зейнетақы жарналарын (олардың болуына қарай) жүзеге асыру кезеңдері мынадай құжаттармен расталады:

осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша міндетті зейнетақы жарналарын аудару туралы жұмыс берушінің (құқықтық мирасқордың) немесе архивтік мекеменің растау анықтамасы (міндетті зейнетақы жарналары аударылған кезеңдер өтініш беруші еңбек өтілін растайтын құжаттарда көрсетілген еңбек қызметінің кезеңдеріне сәйкес келсе); міндетті зейнетақы жарналарын аудару кезеңдерін растайтын сот шешімі.

Жеке практикамен айналысатын адамдар, азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша кіріс алатын жеке тұлғалар, сондай-ақ нысанасы жұмысты (қызмет көрсетуді) орындау болып табылатын, "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 2013

жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабы 2-тармағының 5) тармақшасында көзделген жағдайларды қоспағанда, сондай-ақ фермерлік шаруашылық немесе шаруа қожалықтарының басшысы және мүшелеріне (қатысушыларға), өз пайдаларына міндетті зейнетақы жарналары жүргізген дара кәсіпкерлердің адамдардың міндетті зейнетақы жарналарын жүргізген кезеңдері бірыңғай жинақтаушы қорына тиісті қаржы кезеңіне тиісті төленетін кемінде жылдық міндетті зейнетақы жарналарының сомасын аударған жағдайда бір жылға теңестіріледі. Егер көрсетілген адамдардың салынған міндетті зейнетақы жарналарының сомасы тиісті қаржы кезеңіне тиісті төленетін міндетті зейнетақы жарналарының жылдық сомасынан аз болса, міндетті зейнетақы жарналарының кезеңі міндетті зейнетақы жарналарына енгізген сомасына пропорционалды түрде анықталады.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысу кезеңі 2006 жылғы 1 шілдеге дейін міндетті зейнетақы жарналарын аударған жағдайда, міндетті зейнетақы жарналарын аударуды жүзеге асырған алдыңғы айынын айы ескеріледі.

Егер бір айдың ішінде жинақтаушы зейнетақы қоры және (немесе) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналарын аудару бірнеше рет жүргізілсе, жинақтаушы жүйеде қатысу кезеңі бір айды құрайды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша міндетті зейнетақы жарналарының , міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының мөлшерлемелеріне "0" түзету коэффициенті қолданылған еңбек, кәсіпкерлік қызмет, қызмет түрлері бойынша жеке практикамен айналысу кезеңдері осы Қағидаларға 3-

қосымшаға сәйкес жұмыс берушінің анықтамасымен расталады. Төтенше жағдайлар, шектеу іс-шаралары кезеңінде қызметті шектеуге байланысты кірістен айырылу жағдайына әлеуметтік төлемдерді алу кезеңі орталықтандырылған дерекқордағы мәліметтермен расталады.

Құжаттарды ұсыну, оларды мемлекеттік ақпараттық жүйелерден, оның ішінде цифрлық құжаттардың сервисінен алу мүмкін болса, талап етілмейді. Жеке басты куәландыратын құжат туралы мәліметтерді, баланың (балалардың) туу туралы куәлігін немесе туу туралы актілік жазбадан үзінді көшірмені (2007 жылғы 13 тамызға дейін туған жағдайда), неке қию (некені бұзу) туралы куәлікті (некені 2008 жылғы 1 маусымға дейін қиған жағдайда), қайтыс болу туралы куәлік немесе хабарлама (2008 жылғы 1 мамырдан соң Қазақстан Республикасы аумағында жүргізілген тіркеулер бойынша), қамқоршылық (қорғаншылық) белгілеу туралы құжатты, баланы (балаларды) асырап алу туралы соттың шешімін көрсетілетін қызметті алушы "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік АЖ-н алады.

Қамқоршылықты (қорғаншылықты) белгілеуді, қамқоршылық (қорғаншылық) белгілеуді растайтын құжат.

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің м.а. 2017 жылғы 6 желтоқсандағы № 11-1-2/576 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тізілімінде № 16116 болып тіркелген) бекітілген Құжаттарды заңдастыру қағидаларында көзделген тәртіппен, егер заңдармен және халықаралық шарттармен өзгеше көзделмесе, шет мемлекеттің құзыретті мекемесі берген немесе куәландырған не осы тұлғаға

арнайы уәкілеттік берілген, оның құзыреті шегінде және ол белгілеген нысан бойынша шет мемлекеттің ресми мөрімен бекітілген құжаттар арнайы куәландыру рәсімінен (зандастыру немесе апостильдеу) өткеннен кейін ғана қабылданады.

Шет тілінде жасалған құжаттарды ұсынғанда нотариус "Нотариат туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 34-бабы 1-тармағының 9) тармақшасына, 80-бабына сәйкес қазақ немесе орыс тілдеріне құжатты аудару дұрыстығын куәландырады.

Порталға: мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін – осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының куәландырылған ЭЦҚ электрондық құжат нысанында портал арқылы мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін тағайындауға өтініш беру;

мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы ақпаратты алу үшін – қызметтерді алушының куәландыратын ЭЦҚ электрондық құжат нысанында өтініш беру.

Көрсетілетін қызметті алушы осы тармақта көрсетілген құжаттарды берген кезде көрсетілетін қызметті берушіге тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі;

портал арқылы – көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы статус көрінеді.

Көрсетілетін қызметті берушілер цифрлық құжаттар сервисінен цифрлық құжаттарды порталда тіркелген пайдаланушының ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы бір реттік құпия сөзді беру жолымен немесе порталдың хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтіндік хабарлама жіберу жолымен ұсынылған құжат

		<p>иесінің келісімі болған жағдайда іске асырылған интеграция арқылы алады.</p>
<p>11</p>	<p>Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздерді қамтитын, мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі</p>	<p>Көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 8-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық емес топтамасын және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған, мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін тағайындауға құқығы болмағанда, Мемлекеттік корпорация қызметкері осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тағайындауға өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.</p> <p>Төлемдерді тағайындауға өтініш беру немесе тиісті төлемдерді дәлелдейтін деректерді ақпараттық жүйеден алғанда, Мемлекеттік корпорация қызметкері өтініш берушіге кідіртпей осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысанда өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы қолхатты ұсынады.</p> <p>Көрсетілетін қызметті беруші мынадай негіздер бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуден бас тартады:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігін белгілеу; 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету кезінде ұсынылған материалдардың, деректердің және мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі. <p>Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту себептерін жойғанда, осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде белгіленген тәртіппен көрсетілетін мемлекеттік қызметті</p>

12	Мемлекеттік қызметтің, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін қызметтің ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге талаптар	<p>алу үшін көрсетілетін қызметті алушы қайта жүгінеді.</p> <p>Өзіне-өзі қызмет көрсетуді, өз бетінше жүріп-тұруды, бағдарлауды жүзеге асыру қабілетін немесе мүмкіндігін заңнамада белгіленген тәртіппен толық немесе ішінара жоғалтқан көрсетілетін қызметті алушылар "1414" бірыңғай байланыс орталығы, 8 800 080 77 77 арқылы жүгінгенде мемлекеттік қызмет көрсету үшін құжаттарды қабылдауды Мемлекеттік корпорацияның қызметкері тұрғылықты жеріне барып жүргізеді.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған кезде, мемлекеттік қызметтер туралы ақпаратты портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсетудің статусы туралы ақпаратты көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтері, сондай-ақ "1414" бірыңғай байланыс орталығы, 8-800-080-7777 арқылы алуға мүмкіндігі бар. Цифрлық құжаттардың сервисі ЭЦҚ немесе бір реттік құпиясөзді пайдаланумен "eGov mobile" мобильді қосымшасында тіркелген пайдаланушылар үшін қолжетімді.</p> <p>Цифрлық құжаттардың сервисі мобильдік қосымшалар мен пайдаланушылардың ақпараттық жүйелерінде авторизацияланған субъектілер үшін қолжетімді.</p> <p>Цифрлық құжатты пайдалану үшін мобильдік қосымшаларда және пайдаланушылардың ақпараттық жүйелерінде қолжетімді әдістермен авторизациядан өту қажет, одан әрі "Цифрлық құжаттар" бөлімінде кейін пайдалану үшін қажетті құжатты қарайды.</p>
----	--	--

26 мамырдағы № 193
Бұйрыққа 3-қосымша
Республикалық бюджет
қаражатынан жерлеуге арналған
біржолғы төлемді тағайындау
және жүзеге асыру қағидаларына
2-қосымша

"Жерлеуге арналған бір жолғы төлемді тағайындау" мемлекеттік көрсетілетін қызметін көрсетуге негізгі талаптар тізбесі		
1	Мемлекеттік қызметтің атауы	Жерлеуге арналған бір жолғы төлемді тағайындау
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің (бар болса) атауы	Жоқ
3	Көрсетілетін қызметті беруші атауы	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің аумақтық органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші)
4	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету тәсілдері	Көрсетілетін мемлекеттік қызметті көрсетуге өтінішті қабылдау: 1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация); 2) https://www.gov4c.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал); 3) ұялы байланыс абоненттік құрылғысы (проактивті қызмет) арқылы жүзеге асырылады.
5	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету мерзімі	Мемлекеттік корпорация арқылы – 3 (үш) жұмыс күні; Портал немесе ұялы байланыс абоненттік құрылғысы (проактивті қызмет) арқылы – 1 (бір) жұмыс күні. Құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 минут. Қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 минут.
6	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде, проактивті
		Жерлеуге арналған біржолғы төлемді тағайындау туралы не тағайындаудан бас тарту туралы хабарлама.

7	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нәтижесі	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушы жеке өзі (немесе нотариат куәландырған сенімхат бойынша оның өкілі) келгенде жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат негізінде беріледі. Ұялы байланыс абоненттік құрылғысы арқылы (проактивті қызмет) қызмет көрсету кезінде қызмет көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының ұялы телефонына sms-хабарлама жіберу арқылы ұсынылады.
8	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Көрсетілетін мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі
9	Көрсетілген қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі	<p>Жұмыс кестесі:</p> <p>1) Мемлекеттік корпорацияда – өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің дайын нәтижелерін беру Мемлекеттік корпорация арқылы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мерекелік күндерден басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда үзіліссіз сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, Мемлекеттік корпорацияның халыққа қызмет көрсететін кезекші бөлімдері дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін және сенбі күні сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін жүзеге асырылады.</p> <p>Қабылдау "электрондық кезек" тәртібінде, өтініш берушінің жеделдетіп қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады, электрондық кезекті портал арқылы брондауға болады.</p> <p>2) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық</p>

үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы;

3) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес сенбі және жексенбі, және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, жұмыс кестесіне сәйкес сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі асқа үзіліс 13.00-ден 14.30-ге дейін.

Мемлекеттік қызмет көрсетілетін орындардың мекен жайлары мынадай интернет ресурстарда орналастырылған:

1) Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі - <https://www.enbek.gov.kz>, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімі;

2) Мемлекеттік корпорация – <https://www.gov4c.kz>.

Көрсетілетін қызметті алушы (немесе нотариаты куәландырған сенімхат бойынша оның өкілі) мемлекеттік қызмет көрсету үшін жүгінген кезде осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті және мынадай құжаттарды ұсынады:

1) жерлеуді жүзеге асырған адамның жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін) немесе жерлеуді жүзеге асырған заңды тұлғаны (заңды тұлғалар үшін) мемлекеттік тіркеу туралы анықтама (куәлік) (сәйкестендіру үшін);

2) қайтыс болу туралы куәлік немесе басқа мемлекеттердің уәкілетті органы берген және апостильмен куәландырылған қайтыс болу фактісін растайтын құжат (салыстыру үшін құжаттың түпнұсқасы ұсынылады).

Көрсетілген құжаттарда қамтылған ақпаратты мемлекеттік ақпараттық жүйелер растаған кезде көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжатты, қайтыс болу туралы куәлікті немесе

Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

қайтыс болу фактісін растайтын құжатты ұсыну талап етілмейді.

Порталға:

жерлеуге арналған біржолғы төлемді тағайындау үшін – осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында портал арқылы жерлеуге арналған біржолғы төлемді тағайындауға өтініш;

жерлеуге арналған біржолғы төлемді тағайындау туралы ақпарат алу үшін – көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында сұрау салу.

Құжаттарды ұсыну оларды мемлекеттік ақпараттық жүйелерден, оның ішінде цифрлық құжаттар сервисінен алу мүмкіндігі болған кезде талап етілмейді.

Көрсетілетін қызметті алушы осы тармақта көрсетілген құжаттарды берген кезде портал арқылы – көрсетілетін қызметті алушының " жеке кабинетінде" мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті берушілер цифрлық құжаттарды порталда тіркелген пайдаланушының ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы ұсынылған құжат иесінің келісімі болған жағдайда, іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттар сервисінен бір реттік парольді беру арқылы немесе порталдың хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтіндік хабарлама жіберу арқылы алады.

Ұялы байланыс абоненттік құрылғысы (проактивті қызмет) арқылы жәрдемақы тағайындау үшін – көрсетілетін қызметті алушының проактивті қызмет көрсетуге келісімі, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушының ұялы байланысының абоненттік құрылғысы арқылы банктік шот нөмірін растау немесе ұсыну.

		<p>Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы немесе жерлеуді жүзеге асырған заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (заңды тұлғалар үшін) туралы мәліметтерді қайтыс болғаны туралы куәлік жайлы мәліметті көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады</p>
11	<p>Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздерді қамтитын, мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі</p>	<p>Көрсетілетін қызметті беруші мынадай негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартады:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігін белгілеу; 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету кезінде ұсынылған материалдардың, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі; 3) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартады. <p>Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту себептерін жойған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы осы тізбеге сәйкес белгіленген тәртіппен мемлекеттік қызмет алу үшін қайта жүгінеді.</p>
		<p>Заңнамада белгіленген тәртіппен өзіне-өзі қызмет көрсету, өз бетінше жүріп-тұру, бағдарлану, қабілетін толық немесе ішінара жоғалту мүмкіндігі бар</p>

Мемлекеттік қызметтің, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін қызметтің ерекшеліктері ескеріле отырып, қойылатын өзге де талаптар

көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттарды қабылдауды Мемлекеттік корпорация қызметкері 1414, 8 800 080 777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы өтініш жасау жолымен тұрғылықты жеріне барып жүргізеді.

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті", көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтері, сондай-ақ "1414", 8-800-080-7777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.

Цифрлық құжат қызметі мобильді қосымшада және пайдаланушының ақпараттық жүйелерінде рұқсаты бар пайдаланушылар үшін қолжетімді.

Цифрлық құжатты пайдалану үшін мобильді қосымшада және пайдаланушылардың ақпараттық жүйелерінде қолжетімді әдістерін пайдалана отырып тіркелуден өту қажет. Одан әрі "Цифрлық құжаттар" бөлімінде ол әрі қарай пайдалану үшін қажетті құжатты қарайды.